

ISSN (Print) 2616-6895  
ISSN (Online) 2663-2497

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

# ХАБАРШЫСЫ

---

## ВЕСТНИК

Евразийского национального  
университета имени Л.Н. Гумилева

## BULLETIN

of L.N. Gumilyov  
Eurasian National University

ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. ӘЛЕУМЕТТАНУ сериясы  
PEDAGOGY. PSYCHOLOGY. SOCIOLOGY Series  
Серия ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. СОЦИОЛОГИЯ

**№ 3(132)/2020**

1995 жылдан бастап шығады

Founded in 1995

Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады

Published 4 times a year

Выходит 4 раза в год

Нұр-Сұлтан, 2020

Nur-Sultan, 2020

Нур-Султан, 2020

*Бас редакторы*  
**Г.Ж. Менлибекова,**  
п.ғ.д., проф. (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары (психология)  
Бас редактордың орынбасары (әлеуметтану)

**А.Р. Ерментаева,** пс. ғ. д., проф. (Қазақстан)  
**Н.О. Байғабылов,** PhD (Қазақстан)

*Редакция алқасы*

<b>Есенғалиева А. М.</b>	п.ғ.к., доцент (Қазақстан)
<b>Иванова Г.П.</b>	п.ғ.д. (Ресей)
<b>Исламова З.М.</b>	п.ғ.к., доцент (Ресей)
<b>Калдыбаева О.В.</b>	PhD (Қазақстан)
<b>Колева И.</b>	докт. (Болгария)
<b>Отар Э. С.</b>	PhD (Қазақстан)
<b>Сейтқазы П.Б.</b>	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
<b>Сунарчина М.М.</b>	ә.ғ.д., проф. (Ресей)
<b>Толубекова Р.К.</b>	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
<b>Тамаш П.</b>	проф. (Венгрия)
<b>Уразбаева Г.Т.</b>	п.ғ.д., доцент (Қазақстан)
<b>Хан Н.Н.</b>	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
<b>Хаяти Тюфекчиоглу</b>	ә.ғ.д., проф. (Түркия)
<b>Шайхисламов Р.Б.</b>	ә.ғ.д., проф. (Ресей)
<b>Шалғынбаева Қ.Қ.</b>	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Сәтпаев к-сі, 2, 402 б.  
Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31432)

E-mail: vest\_pedpsysoc@enu.kz  
Жауапты хатшы: Ә. С. Жұматаева

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ.  
ӘЛЕУМЕТТАНУ сериясы**

Меншіктенуші: «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғам

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркелген. 27.03.18 ж. № 17001-Ж -тіркеу куәлігімен тіркелген.

Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 13 дана

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 13/1, тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31410)

*Editor-in-Chief*

Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)

**G.Zh.Menlibekova**

Deputy Editor-in-Chief (psychology)

**A.R. Yermentayeva**, Doctor of Psychological Sciences, Prof. (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief (sociology)

**N.O. Baigabylov**, PhD in Sociology (Kazakhstan)

*Editorial board*

<b>Esengalieva A.M</b>	Can. of Pedagogical Sciences, Assoc.Prof. (Kazakhstan)
<b>Ivanova G.P.</b>	Doctor of Pedagogical Sciences (Russia)
<b>Islamova Z.M.</b>	Can. of Pedagogical. Sciences, Assoc.Prof. (Russia)
<b>Kaldybayeva O.V.</b>	PhD (Kazakhstan)
<b>Otar E.S.</b>	PhD (Kazakhstan)
<b>Koleva I.</b>	Dr. (Bulgaria)
<b>Seytkazy P.B.</b>	Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)
<b>Sunarchina M.M.</b>	Doctor of Sociology, Prof. (Russia)
<b>Tamas P.</b>	Prof. (Hungary)
<b>Toleubekova R.K.</b>	Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)
<b>Urazbayeva G.T.</b>	Doctor of Pedagogical Sciences, Assoc.Prof. (Kazakhstan)
<b>Khan N.N.</b>	Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)
<b>Hayati Tufekcioglu</b>	Doctor of Sociology, Prof. (Turkey)
<b>Shaikhislamov R.B.</b>	Doctor of Sociology, Prof. (Russia)
<b>Shalgynbayeva K.K.</b>	Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)

Editorial address:2, Satpayev str., of.402, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008  
L.N.Gumilyov Eurasian National University Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31432)

E-mail: vest\_pedpsysoc@enu.kz

Responsible secretary: A.S.Zhumatayeva

**Bulletin of L.N.Gumilyov Eurasian National University PEDAGOGY. PSYCHOLOGY. SOCIOLOGY Series**

Owner: Non-profit joint-stock company «L.N.Gumilyov Eurasian National University»

Registered by Ministry of information and communication of Republic of Kazakhstan. Registration certificate No. 17001-Ж from 27.03.18

Periodicity: 4 times a year Circulation: 13 copies

Address of printing house: 13/1 Kazhimukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext.31410)

*Главный редактор*

д.п.н., профессор

**Г.Ж. Менлибекова** (Казахстан)

Зам. главного редактора (психология)

**А.Р. Ерментаева**, д.пс. наук, проф. (Казахстан)

Зам. главного редактора (социология)

**Н.О. Байгабылов**, PhD (Казахстан)

*Редакционная коллегия*

<b>Есенгалиева А. М</b>	к.п.н., доцент (Казахстан)
<b>Иванова Г.П.</b>	д.п.н. (Россия)
<b>Исламова З.М.</b>	к.п.н., доцент (Россия)
<b>Калдыбаева О.В.</b>	PhD (Казахстан)
<b>Колева И.</b>	докт. (Болгария)
<b>Отар Э. С.</b>	PhD (Казахстан)
<b>Сейтказы П.Б.</b>	д.п.н., проф. (Казахстан)
<b>Сунарчина М.М.</b>	д.с.н., проф. (Россия)
<b>Тамаш П.</b>	проф. (Венгрия)
<b>Толеубекова Р.К.</b>	д.п.н., проф. (Казахстан)
<b>Уразбаева Г.Т.</b>	д.п.н., доцент (Казахстан)
<b>Хан Н.Н.</b>	д.п.н., проф. (Казахстан)
<b>Хаяти Тюфекчиоглу</b>	д.с.н., проф. (Турция)
<b>Шайхисламов Р.Б.</b>	д.с.н., проф. (Россия)
<b>Шалғынбаева К.К.</b>	д.п.н., проф. (Казахстан)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Сагпаева, 2, каб. 402

Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31432)

E-mail: vest\_pedpsysoc@enu.kz

Ответственный секретарь: А. С. Жуматаева

**Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева.**

**Серия: ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. СОЦИОЛОГИЯ.**

Собственник: Некоммерческое акционерное общество «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева»

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан.

Регистрационное свидетельство № 17001-Ж от 27.03.18 г. Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 13 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: +7(7172)709-500 (вн.31410)

## МАЗМҰНЫ

### ПЕДАГОГИКА

<i>Абдыхалыкова Ж.Е., Сагитова Ж.М.</i> ҚР жоғары оқу орындарында болашақ педагогтардың практикалық бағдарланған дайындығының мәселелері және келешегі	8
<i>Аймульдина А., Кулахметова М.</i> Ағылшын сыныптарында критериалды бағалау технологиясын қолдану	17
<i>Акишева А.К.</i> Шағын жинақталған мектеп мұғаліміне оның кәсіби құзіреттілігін дамыту мүмкіндігі ретінде психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету	25
<i>Анесова А.Ж. Жуматаева Е.</i> Студенттерді оқытуда оқу құралының тиімділігі	35
<i>Бабич И.М., Шоманова Ж.К., Муканова Р.Ж.</i> Студенттердің химияны ағылшын тілінде оқуға кәсіби ынталандырудың негізгі ерекшеліктері	43
<i>Длимбетова Г.К., Булатбаева К.Н., Абеннова С.У., Сандибекова А.К.</i> Кәсіптік білім беруді экологияландыру жағдайында оқытудың дидактикалық принциптері	55
<i>Исмаилов Д.В., Хамитова К.К., Кожазулов Е.Т.</i> Оқушылардың танымдық қабілеттерін және дербестігін дамытуға ықпал ету мақсатында «мектеп қабырасынан бастап» зерттеушілік қызмет	67
<i>Казиев К.О., Волынкин В.И., Бисенова Ш.Н., Турегалиева В.С., Қантаева Ғ.Г.</i> Болашақ педагог-психологтардың рефлексиясын дамыту диагностикасы	75
<i>Қантаева Ғ.Г.</i> Педагогикалық құндылықтар дидактикалық мәдениеттің аксиологиялық компонентінің негізі ретінде	83
<i>Мардахаев А.В.</i> Әлеуметтік педагогикадағы зерттеушілік іс-әрекеттің теориялық әдіснамалық негіздері	91
<i>Навий А.Н., Ракишева Г.М., Анықбай А.Е. М.</i> Жұмабаев еңбектеріндегі педагогикалық идеялар	98
<i>Нурманбетова Д.Н.</i> Қазақстандағы жоғары оқу орындарының автономиясы және академиялық еркіндік: іске асыру мәселелері және даму жолдары	105
<i>Сарқанбаева Г.Қ.</i> Болашақ мұғалімдердің коммуникативтік біліктілігін қалыптастырудың әдіс-тәсілдері	112
<i>Сарсекеева Ж.Е., Смаилова Д.Е.</i> Бастауыш мектепте медиа-білім беру мәселелерін шешуге қажетті жағдайлар жасау үшін педагогикалық іс-әрекет жүйесі	118
<i>Смағұлов Д.С.</i> Жабық түрдегі тест тапсырмаларын әзірлеу әдістемесі	125
<i>Ташкеева Г.К., Адилжан К., Зульбухарова Э.М., Құдыш А.А.</i> «Қалыптастыру» ұғымының педагогикадағы мағынасын анықтау	133
<i>Тусупова Г.К., Шербаков А.А., Темирбекова А.Т., Кажигалиева А.Б., Ажигалиева А.И., Тажиева А.С.</i> Екінші тіл ретіндегі қазақ және орыс тілдерінің оқулықтарындағы сәйкестендіру нұсқалары	140
<i>Хамзина Ш.Ш., Хасенова М.Т., Касенова Ж.С.</i> Кейс-технологиясын қолдану кезіндегі экологиялық құзыреттілік арқылы химиялық сауаттылықты қалыптастыру	150

### ПСИХОЛОГИЯ

<i>Байжұманова Б.Ш.</i> Студент жастардың этникалық толеранттылық ерекшеліктері	156
<i>Кравцова Т.М., Раклова Е.М.</i> 5-11 жастағы балаларда кездесетін психологиялық жарақаттардың белгілері	163
<i>Мамбеталина А.С., Опабекова А.Б.</i> Аутистік спектріндегі балалармен жұмыс істейтін мамандардың субъективті бақылау деңгейінің ерекшеліктері	175

### ӘЛЕУМЕТТАНУ

<i>Кендирбекова Ж.Х., Қусаинова А.Т.</i> Қазақстан Республикасында мүгедектерді оңалту тәжірибесі	181
<i>Родионова К.Н.</i> Қазақстан академиялық ортасындағы әйелдер қатыстылығы және гендерлік сегрегация	188

## CONTENTS

### PEDAGOGY

<i>Abdykhalykova Zh. E., Sagitova Zh. M.</i> Problems and prospects of practice-oriented training of future teachers in universities of the Republic of Kazakhstan	8
<i>Aimuldina A., Kulahmetova M.</i> Using criteria-based assessment technology in English classes	17
<i>Akischeva A.K.</i> Psychological and pedagogical support of a teacher of a small school as an opportunity to develop his professional competence	25
<i>Anessova A. Zh., Zhumatayeva E.</i> The effectiveness of the using of study guides in students learning	35
<i>Babich I.M., Shomanova Zh.K., Mukanova R.Zh.</i> The main features of professional motivation of students to study chemistry in English	43
<i>Dlimbetova G.K., Bulatbayeva K.N., Abenova S.U., Sandibekova A.K.</i> Didactic principles of training in the context of ecologization of vocational education	55
<i>Ismailov D.V., Khamitova K.K., Kozhagulov E.T.</i> Research activities starting from the "school wall" to promote the development of cognitive abilities and independence of students	67
<i>Kaziyev K., Volynkin V., Bissenova Sh.N., Turegalieva V.S.</i> Diagnostics of the development of reflection of future educational psychologists	75
<i>Kantayeva G.G.</i> Pedagogical values as the basis of the didactic culture's axiological component	83
<i>Mardakhaev L.V.</i> Theoretical and methodological foundations of research activities in social pedagogy	91
<i>Naviy L., Rakischeva G., Anikbay A.</i> Pedagogical ideas in M.Zhumabayev's works	98
<i>Nurmambetova D.N.</i> Autonomy of universities in Kazakhstan and academic freedom: Implementation problems and ways of development	105
<i>Sarkanbaeva G.K.</i> Methods and techniques for forming the communicative competence of future teachers	112
<i>Sarsekeeva Zh. Y., Smailova D.Y.</i> The system of pedagogical activity to create the necessary conditions for solving the problems of media education in primary school	118
<i>Smagulov D.S.</i> Methods for developing closed test tasks	125
<i>Tashkeyeva G.K., Adilzhan K., Zulfukharova E.M., Kudysh A.A.</i> Identification of the essence of the concept of «formation» in the pedagogy	133
<i>Tussupova G.K., Chsherbakov A.A., Temirbekova A.T., Kazhigaliyeva A.B., Azhigaliyeva A.I., Tazhiyeva A.S.</i> Identity options in the textbooks of Russian and Kazakh as second languages	140
<i>Khamzina Sh.Sh., Khassenova M.T., Kassenova Zh.S.</i> The formation of chemical literacy through environmental competencies in the application of case technology	150

### PSYCHOLOGY

<i>Baizhumanova B.Sh.</i> Features of ethnic tolerance of student youth	156
<i>Kravtsova T.M., Raklova E.M.</i> Symptoms of psychological trauma that occur in children aged 5-11 years	163
<i>Mambetalina A.S., Opabekova A.B.</i> Features of the level of subjective control of specialists working with children of the autistic spectrum	175

### SOCIOLOGY

<i>Kendirbekova Zh.K., Kussainova A.T.</i> Experience of rehabilitation of disabled people in the Republic of Kazakhstan	181
<i>Rodionova K.N.</i> Female representation and gender segregation at the Academy of Kazakhstan	188

## СОДЕРЖАНИЕ

### ПЕДАГОГИКА


<i>Абдыхалыкова Ж.Е., Сагитова Ж.М.</i> Проблемы и перспективы практико-ориентированной подготовки будущих педагогов в вузах РК	8
<i>Аймульдина А., Кулахметова М.</i> Использование технологии критериального оценивания на уроках английского языка	17
<i>Акишева А.К.</i> Психолого-педагогическая поддержка педагога малокомплектной школы как возможность развития его профессиональной компетентности	25
<i>Анесова А.Ж., Жуматаева Е.</i> Эффективность применения учебного пособия при обучении студентов	35
<i>Бабич И.М., Шоманова Ж.К., Муқанова Р.Ж.</i> Основные особенности профессиональной мотивации студентов к изучению химии на английском языке	43
<i>Длибметова Г.К., Булатбаева К.Н., Абенова С.У., Сандибекова А.К.</i> Дидактические принципы обучения в условиях экологизации профессионального образования	55
<i>Исмаилов Д.В., Хамитова К.К., Кожазулов Е.Т.</i> Исследовательская деятельность «со школьной скамьи» как содействие развитию познавательных способностей и самостоятельности учащихся	67
<i>Казиев К.О., Вольнкин В.И., Бисенова Ш.Н., Турегалиева В.С.</i> Диагностика развития рефлексии будущих педагогов-психологов	75
<i>Кантаева Г.Г.</i> Педагогические ценности как основа аксиологического компонента дидактической культуры	83
<i>Мардахаев Л.В.</i> Теоретико-методологические основы исследовательской деятельности в социальной педагогике	91
<i>Навий Л.Н., Ракишева Г.М., Аныкбай А.Е.</i> Педагогические идеи в творчестве М.Жумабаева	98
<i>Нурманбетова Д.Н.</i> Автономность вузов Казахстана и академическая свобода: проблемы реализации и пути развития	105
<i>Сарқанбаева Г.К.</i> Методы и приемы формирования коммуникативной компетентности будущих учителей	112
<i>Сарсекеева Ж.Е., Смаилова Д.Е.</i> Система педагогической деятельности по созданию необходимых условий для решения задач медиаобразования в начальной школе	118
<i>Смагулов Д.С.</i> Методы разработки закрытых тестовых заданий	125
<i>Ташкеева Г.К., Адилжан К., Зулъбухарова Э.М., Кудъин А.А.</i> Выявление сущности понятия «формирование» в педагогике	133
<i>Тусупова Г.К., Щербakov А.А., Темирбекова А.Т., Кажигалиева А.Б., Ажигалиева А.И., Тажиева А.С.</i> Варианты идентичности в учебниках русского и казахского языков как второго языка	140
<i>Хамзина Ш.Ш., Хасенова М.Т., Касенова Ж.С.</i> Формирование химической грамотности через экологические компетенции при применении кейс-технологии	150

### ПСИХОЛОГИЯ

<i>Байжуманова Б.Ш.</i> Особенности этнической толерантности студенческой молодежи	156
<i>Кравцова Т.М., Раклова Е.М.</i> Симптомы психологических травм у детей 5 – 11 лет	163
<i>Мамбеталина А.С., Опабекова А.Б.</i> Особенности уровня субъективного контроля у специалистов, работающих с детьми с расстройством аутистического спектра	175

### СОЦИОЛОГИЯ

<i>Кендирбекова Ж.Х., Кусаинова А.Т.</i> Опыт реабилитации инвалидов в Республике Казахстан	181
<i>Родионова К.Н.</i> Женская представленность и гендерная сегрегация в академической среде Казахстана	188



Б.Ш. Байжұманова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
(E-mail: bibianar.bayzhumanova.70@mail.ru)

## Студент жастардың этникалық толеранттылық ерекшеліктері

**Аңдатпа.** Мақалада Нұр-Сұлтан қаласындағы білім ордаларындағы әртүрлі этностардағы студент жастардың коммуникативтілік, этникалық толеранттылық ерекшеліктері қарастырылады. Толеранттылық мәселесіне қатысты теорияларға шолу жасалады. Толеранттылықтың әлеуметтік-психологиялық, этникалық сияқты түрлеріне сипаттамалар келтірілген. Жоғары оқу орнына түскен, түрлі этностардан құралған әлеуметтік топтардағы өзара қарым-қатынас барысындағы әлеуметтік төзімділік феномені жан-жақты қарастырылады. Нұр-Сұлтан қаласының колледж оқушылары мен университет студенттеріне олардың этникалық толеранттылық ерекшеліктерін анықтау мақсатында В.В. Бойконың коммуникативтік төзімділік сауалнамасын және «Толеранттылық индексі» экспресс сауалнамасы жүргізілді. Арнайы психологиялық эксперименттік зерттеулер жүргізу арқылы алынған нәтиже: студент жастардың төзімділік қасиеттері, олардың әлеуметтік ортада өзара тұлға аралық қарым-қатынас көріністеріне қатысты болатыны көрсетеді. Сондай-ақ, студенттердің ұлтқа деген толеранттылығы оның өзінің жеке тұлғалық төзімділік қасиетіне байланысты болатындығын көрсетеді.

**Түйін сөздер:** студент жастар, толеранттылық, төзімділік, қарым-қатынас, коммуникативтілік төзімділік, этникалық толеранттылық, әлеуметтік толеранттылық.

DOI : <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2020-132-3-156-162>

Түсті: 24.05.20 / Жарияланымға рұқсат етілді: 19.06.20

Толеранттылық мәселесін психология ғылымында да, басқа да ғылымдарында қарастырылады. Дегенмен, психология ғылымында бұл мәселені заманауи әртүрлі тәсілде зерттеп қарастырады. Жоғарыда айтып кеткендей, толеранттылық мәселесін философия, социология ғылымдарында бірқатар ғалымдардың еңбектерінен көруге болады. Бұл ғалымдар бұл мәселенің теориялық және әдіснамалық

негіздерін түсіндіруге, дамытуға маңызды үлес қосты (Р.Р. Валитов, В.М. Золотухин, И. Йовел, В.А. Лекторский, М.Б. Хомяков және т.б.). Бұл мәселенің психологиялық-педагогикалық талдамасы негізінде толеранттылықты зерттеу үлкен теориялық және тәжірибелік маңыздылыққа ие (И.В. Абакумова, Д.В. Зиновьев, П.Н. Ермаков, Е.Ю. Клепцова, П.Ф. Комогоров, О.Б. Скрыбина, К. Уэйн және т.б.).



Толеранттылық ұғымына философиялық анықтама беруде, «толеранттылықтың» когнитивті бағалауы, эмоциялық көрінісі, мінез-құлықтық компоненттеріне өзара байланыстыра сипат бере отырып, басқа тұлғалардың мәдени және әлеуметтік ерекшеліктеріне, ұлттық нышандары мен қасиеттеріне, діни тұрғыда көзқарастары мен нанымына, білім деңгейіне, жасқа байланысты ерекшелігіне, кәсіптік іс-әрекет салаларына қарамастан, бір-бірімен етене араласа отырып, өзара бірін-бірі түсінушілікті, өзара тығыз әрі, белсенді түрде әрекеттесуді және өзіндік бағыттылық ұстанымдарына сый-құрмет көрсетуді қамтамасыз етеді. Ал бұл өз кезегінде тұлғалық қасиет бола отырып, психологиялық аспектіні білдіреді [1].

Психологиялық (А.Г. Асмолов, С.Л. Братченко, С.К. Бондырева, А.Б. Орлов, А.З. Шапиро және т.б.) және әлеуметтік-психологиялық (Г.Л. Бардиер, Т.П. Скрипкина, Г.У. Солдатова және т.б.) әдебиеттерде толеранттылық құбылысы жалпы көзқараста қарастырылады. Әлеуметтік психологияда толеранттылықтың әртүрлі түрлерінің (этикалық, діни, ұлттық, нәсілдік және т.б.) әлеуметтік-психологиялық және жеке факторларын талдайтын көптеген зерттеулер бар (Д. Бродский, А. Гербер, Л.М. Дробижева, Д.Н. Клоков, Е.Г. Луковицкая, Н.В. Мольденгауэр, В.Ф. Петренко, Г.У. Солдатова, Л.Ф. Суржикова және т.б.).

Қазіргі кездегі қоғамдық жағдаяттар, өмірлік тарихи құбылыстар ұлттаралық қарым-қатынастың гуманистік тұрғыда, адамгершілікке негізделген және рухани толеранттылық тұрғысынан жаңаша қарастыруды қажет етеді. Этносаралық қарым-қатынастардың адамгершілікке, руханилыққа негізделуге тиіс әлеуметтік қажеттілік категориясы маңызды болып отыр.

Төзімділік кей әдебиеттерде коммуникация мәселесі тұрғысынан қарастырылады (Г.С. Конжухарь, В.А. Лабунская, Н.В. Недорозова, Т.П. Скрипкина, И.П. Шкуратова және т.б.) [2].

Білім беру және тәрбие процесінде төзімділікті қалыптастыру мәселесі қарастырылатын зерттеулер біз үшін өте маңызды

(И.В. Крутова, О.В. Никольский, А.А. Погодина және т.б.). Жоғары білім беру саласында төзімділікті қалыптастыру мәселесі айрықша маңыздылыққа ие (Г.В. Безюлева, Т.А. Ерахтина, Г.С. Кожухарь, В.П. Комаров, Н.Ю. Кудзилова, Е.В. Рыбак және т.б.).

Сонымен қатар, психологиялық әдебиеттердегі ғылыми зерттеулерде практикалық тұрғыда белгілі бір топтың мүшесі ретінде адамның тұлға аралық төзімділікті, толеранттылықты әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде жан-жақты талдап көрсететін зерттеулер жоқтың қасы. Дегенмен, әлеуметтік ортадағы тұлғалардың өзара байланысы барысындағы олардың бір-біріне деген қатынасын сипаттайтын, өзара қарым-қатынастың әлеуметтік-психологиялық жағын қарастыратын зерттеулер бар. Ал енді кейбір зерттеулерде төзімділік, ең алдымен, адамдардың өзара тікелей қарым-қатынас кезінде туындайтын және топтың ішінде көрінетін әртүрлі мәртебесіне байланысты сипаттама беру арқылы қарастырылады. Яғни, қарым-қатынас ерекшелігі мен төзімділік қасиетінің өзара байланысын көрсететін, соған сәйкес төзімділікке анықтама беруге тырысатын талдаулар кездеседі.

Толеранттылықты қарым-қатынас ерекшеліктеріне орай қарастыру оған салыстырмалы сипаттама береді, яғни толеранттылық басқа адамдардың көзқарастары мен ұстанымдарын қабылдауды мүмкіндік ретінде түсіндіреді. Әрине, олар адамгершілік қағидаларына қайшы келмеуі керек [3].

А.Г. Асмолов толеранттылық басқа адамдарды қандай түрде болмасын қабылдауға және олармен өздерінің келісімі негізінде өзара қарым-қатынаста болуға дайын екендіктерін жобалайды деп атап көрсетеді. Төзімділік тұлғаның бойында өзінің құндылықтары мен мүдделерінің болуы және сол өзіндік құндылықтары мен мүдделерін қажет жағдайда оларды қорғауға дайын бола алатын тұлғаның өмірлік ұстанымының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Сондай-ақ, төзімділік басқа адамдардың ұстанымы мен құндылықтарына сый-құрмет көрсетуде байқалады. Оған қоса, зерттеуші-ғалымдар жал-

пы білім беретін мектептердегі білім алушылардың толеранттық санасының бағдарына және оның қалыптасуына әсер ететін бірқатар әдістемелік тұжырымдамаларды ұсынады [4].

Әлеуметтік және психологиялық зерттеулерде төзімділік, ең алдымен, тұлғалардың өзара қарым-қатынас, қажеттілік, құндылық бағдар, қалыптылық, ой-пікір, наным-сенімділік ретінде қарастырылады, оған қоса, төзімділік адамгершіліктік-құқықтық сана компоненті ретінде қарастырылады.

Гуманист Г. Гивиншили төзімділік ұғымына төмендегіше түсініктеме береді: «ұлттық, діни немесе таптық сезімдермен салыстырғанда, өркениеттің едәуір дамыған деңгейіндегі әлеуметтік сезімнің көрінісі» деп бағалайды. Оған қоса, оның айтуы бойынша, төзімділік – әлеуметтік сезімнің ең жоғарғы деңгейде дамыған түрі, яғни адамгершіліктік-рухани даму жағдайындағы алдыңғы қатарда тұратын қасиет деп тұжырымдайды [5].

Аксиологиялық теория тұрғысында толеранттылық ұғымына мынадай сипаттама беруге болады: адам басқа адамға деген төзімділік қасиетін көрсетуде немесе тұлғаның төзімділік сезімін қалыптасуы кезінде сол басқа адамды әлеуметтік топтың бір бөлігі және топтың тұтастығын құраушы компонент ретінде қабылдайды. Сондай-ақ, топтық тұтастықтылықты көре білу және оны қабылдау толеранттылықтың көрінісі. Оған қоса, қарым-қатынас үшін «психологиялық фон» ретінде автоматты түрде көрінетін, әлеуметтік ортада өзара әрекет ететін тұрақты қатынас жүйелеріне негізделген.

Толерантты мінез-құлық құнды семантикалық субъектілер сияқты жеке ресурстарды өзектендіру нәтижесінде мүмкін болады. Басқа бір адам құндылық ретінде әрекет етеді. Бұл құндылық-семантикалық негіз бола отырып, қарым-қатынастың негізгі жүйесін құрады. Этностық қарым-қатынастың бастапқы реакциясы төзімсіздіктің бірсәттілік қозуы ретінде бірден туындағанымен, алғашқы көрініс басқа тұлғаның қарым-қатынастық толеранттылығына және өзара әрекеттесуге, сондай-ақ, өзара әрекеттесудің диалогтық формасына айналып кетуі мүмкін. Осы орайда,

төзімсіздікті басқа қасиет көрініс тұрғысында немесе төзімсіздіктің қандайда бір ерекшеліктеріне орай сипаттауға болады. Оған қоса, төзімсіздіктің көрініс беруі тұлғаның аффективтілік эмоциясы немесе когнитивтік деңгейі тұрғысында басқа адаммен келіспеушілік деп сипаттауға болады.

Сонымен қатар, бірқатар психологиялық зерттеулер нәтижелеріне орай, төзімсіздіктің көрінуіне, оның типтік белгілеріне цинизм, агрессия және дұшпандық сынды ерекшеліктерді жатқызуға болады. Аталмыш үш ерекшелік көбінесе, авторитарлық тұлғаның сипаттамалық ерекшеліктеріне сәйкес келеді және кейбір тұлғаларға тән кемсітушілікке, алалаушылыққа бейім қасиеттерінен көруге болады. Сондай-ақ, тұлғалардың өзара әрекеттесуі барысындағы өшпенділіктің көрінісі ретінде байқалатындығы қарастырылады (Т. Адарно, Г.С. Кожухарь, Г.У. Солдатова, Е.С. Сухих және т.б.). Демек, топтық қарым-қатынаста төзімсіздік басым болғанда, әр тұлға әлеуметтік топтағы өзіндік мәртебеге ие болуға талаптанады, сый-құрметке ие болуға ниеті күшейе түседі. Ал мұндай мәртебеге қол жеткізуде бірқатар қиындықтар туындайды.

Г.У. Солдатованың айтуы бойынша, төзімділік тұлғаның проблемалық және дағдарыстық кезіндегі субъектінің нейропсихикалық үйлесімділікті қамтамасыз етуі, тұрақтылықты қалпына келтіру, сәтті бейімделу, қарама-қайшылықты тұрдырмау сынды тұлғаның негізгі қасиеттерінен тұрады. Сондай-ақ, субъектінің айналасындағылармен өзара әрекеттесуін, өзара қарым-қатынастарын жақсарту үшін, сыртқы ортамен белсенді өзара әрекеттесуді дамыту мақсатында көрінетін тұлғаның іргелі қасиеті ретінде анықталады. Толеранттылықтың бірегейлік сапасы психологиялық тұрақтылық, қарым-қатынастың позитивті жағы, тұлғалық сапалар жиынтығы және жеке даралық құндылықтар немесе топтық құндылықтар жүйесі болып табылатын құрамдас бөліктерден тұрады [5].

Жоғарыда айтып кеткен теориялық ойлардың негізінде біз, студент жастардың этникалық толеранттылығы олардың өзара қарым-қатынасы мен топтағы өзіндік орны

мен даралық тұлғалық ерекшеліктерімен байланысын өз жұмысымыздың негізгі аспектісі ретінде қарастырамыз.

Осы орайда Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистрант-зерттеушілерімен бірлесе отырып, Нұр-Сұлтан қаласындағы бірқатар колледж студенттеріне В.В. Бойконың коммуникативтік төзімділік сауалнамасын және «Толеранттылық индексі» экспресс сауалнамасын жүргізген болатынбыз. Зерттеуге дәлірек айтсақ, орта арнаулы оқу орындарындағы «Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану» мамандығының 1 және 2 курс студенттері және «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығының, орыс тобының 1 курс студенттері қатысты. Респонденттердің жалпы саны - 50. Олардың 41-ұл және 9-қыз. Жас аралығы – 15-19 жасты қамтиды. Зерттелінушілерге талдау арқылы төмендегі кестені көрсетуге болады.

В.В. Бойконың коммуникативтік төзімділік сауалнамасы негізінде алынған нәтижелер математикалық және статистикалық тұрғыда талдау жасалды.

В.В. Бойконың коммуникативтік төзімділік сауалнамасы 15 жастан 19 жас аралығындығы 50 студентке жүргізілді. Зерттеуден алынған нәтижелер бойынша 39 зерттелінуші жоғары деңгейдегі толеранттылықты, ал 11 зерттелінуші орта деңгейдегі толеранттылықты көрсетті.

Зерттелінушілер арасында төмен деңгейдегі толеранттылық көрсеткен студенттер болған жоқ. Бұл зерттелінушілер арасындағы коммуникативті төзімділіктің едәуір жоғары екендігін көрсетеді.

Кесте 1.1  
Зерттелінушілер туралы мәлімет.  
1 курс студенттері

Саны	Жасы			Ұлты				
	15	16	17	Қазақ	Орыс	Украин	Неміс	Башқұрт
3	15	7	8	13	1	2	1	


Кесте 1.2  
Зерттелінушілер туралы мәлімет.  
3 курс студенттері

Саны	Жасы			Ұлты				
	18	19	Қазақ	Орыс	Украин	Неміс	Башқұрт	Башқұрт
17	8	25	-	-	-	-	-	1

Кесте 2  
Коммуникативтік төзімділік сауалнамасы  
(В.В. Бойко)

Саны	Жоғары деңгейдегі толеранттылық (1-45)	Орта деңгейдегі толеранттылық (45-85)	Төмен деңгейдегі толеранттылық (85-125)	Басқаларды толық қабылдамау (125-135)
	39	11	0	0

Коммуникативтік төзімділік сауалнамасы  
(В.В. Бойко)



Сурет 1. Студенттердің коммуникативтік төзімділік көрсеткіші

Келесі зерттеуде «Толеранттылық индексі» (Г.У. Солдатова, О.А. Кравцова, О.Е. Хухлаев, Л.А. Шайгерова) экспресс сауалнамасын жүргіздік.

«Толеранттылық индексі» экспресс сауалнамасы жоғарыда айтып кеткендей, 50 зерттелінушілерге жүргізілді, бұл зерттелінуші-студенттер 15 жастан 19 жас аралығын қамтиды. Нәтижесіне сапалық және сандық талдау жүргізілді.

Кесте 3

«Толеранттылық индексі»  
экспресс сауалнамасының сандық талдауы

Саны	Төмен деңгейдегі толеранттылық (22-60)	Орта деңгейдегі толеранттылық (61-99)	Жоғары деңгейдегі толеранттылық (100-132)
	2	45	3

Математикалық статистикалық талдау бойынша 2 студенттен төмен деңгейдегі толеранттылық (Б.Н. 17 жаста, ұлты - неміс; Е.Р. 18 жаста, қазақ) байқалса, 45 студенттен орта деңгейдегі толеранттылық байқалды, ал 3 студенттен (зерттелінушіден) жоғары деңгейдегі толеранттылық (Қ.Р. 16 жаста, ұлты - башқұрт; Д.Д. 15 жаста, қазақ; Д.Ж. 18 жаста, қазақ) байқалды.

«Толеранттылық индексі» экспресс сауалнамасы



Сурет 2. Студенттердің толеранттылық дәрежесі

«Толеранттылық индексі» экспресс сауалнамасына сапалық талдау негізінде төмендегідей нәтиже алдық:


- Этностық толеранттылық бойынша 1 студент төмен (Аноним1 - 16 жаста, қазақ), 30 студент орта және 19 студент жоғары деңгей көрсетті.
- Әлеуметтік толеранттылық бойынша 3 студент төмен (Б.Н. - 17 жаста, ұлты - неміс; Е.Р. - 18 жаста, ұлты - қазақ; Б.А. - 19 жаста, қазақ), 45 студент орта және 2 студент жоғары (Қ.Р. - 16 жаста, ұлты - башқұрт; Д.Ж. - 18 жаста, ұлты қазақ) деңгейді көрсетті.

Кесте 4

«Толеранттылық индексі» экспресс сауалнамасының сапалық талдауы

Саны	Этностық толеранттылық			Әлеуметтік толеранттылық			Төзімділік - тұлғалық қасиет ретінде		
	Төмен деңгей (20-31)	Орта деңгей (32-ден жоғары)	Жоғары деңгей (0-22)	Төмен деңгей (23-36)	Орта деңгей (37-ден жоғары)	Жоғары деңгей (0-19)	Төмен деңгей (20-31)	Жоғары деңгей (32-ден жоғары)	
1	30	19	3	45	2	4	43	3	

Әлеуметтік толеранттылық



Сурет 3. Зерттелінушілердің әлеуметтік толеранттылық дәрежесі

Этностық толеранттылық



Сурет 4. Зерттелінушілердің этностық толеранттылық дәрежесі

Төзімділік - тұлғалық қасиет ретінде



Сурет 5. Зерттелінушілердің төзімділік дәрежесі

• Төзімділік – тұлғалық қасиет ретінде 4 студент төмен (Б.Н. - 17 жаста, ұлты-неміс; Е.Р. - 18 жаста, ұлты - қазақ; А.Б. - 19 жаста, ұлты - қазақ; Аноним1 - 16 жаста, қазақ), 43 студент орта және 3 студент жоғары (Қ.Р.16 жаста, башқұрт; Аноним2 16 жаста, ұлты - орыс; Д.Д. 15 жаста, қазақ) деңгей көрсетті.

Зерттеуден алынған нәтиже бойынша мынадай тұжырым жасауға болады: тұлғалық қасиет ретінде төзімділік көрсеткіші жоғары мәнге ие студенттердің этностық толеранттылықтары да, әлеуметтік толеранттылықтары да жоғары болатындығы көрінеді.

Мақаладағы негізгі ойды түйіндей келе, қазіргі кезде студент жастардың төзімділік-

терінің көріну деңгейлері топтағы тұлғааралық қарым-қатынас ерекшеліктеріне тікелей байланысты болатындығы байқалады.

Сондай-ақ, зерттеу нәтижесі көрсеткендей, студенттердің тұлға аралық қарым-қатынасқа байланысты төзімділік деңгейі әрбір студенттің өзіндік тұлғалық төзімділігімен байланысты болатындығы айқындалды, сондай-ақ, тұлға аралық төзімділік әлеуметтік-психологиялық төзімділік негізінде топтың даму динамикасына да әсер етуі мүмкін. Оған қоса, әлеуметтік-психологиялық төзімділік жағдайында этносаралық төзімділік көрінісі де айқындалады.

### Әдебиеттер тізімі

1. Аубакирова С., Исмагамбетова З. Этносаралық қарым-қатынас контексіндегі толеранттылық // Адам әлемі. – 2014. - № 4 (62) – 163 б
2. Кожухарь Г.С., Вагурин И.В. Межличностная толерантность студентов и их групповые статусы // Вопросы психологии. – 2011. - № 5 – С 45-54
3. Федотова Н.Н. Толерантность как мировоззренческая и инструментальная ценность // Философские науки. – 2004. – № 4.
4. Асмолов А.Г. На пути к толерантному сознанию. Москва. Смысл. 2000
5. Гивишвили Г. Гуманизм и гражданское общество. Учебное пособие для учащихся средних и общеобразовательных учреждений. – М.: Российское гуманистическое общество, 2003. – 239 с.
6. Психодиагностика толерантности личности //Под ред. Г.У. Солдатовой, Л.А. Шайгеровой . М.: Смысл, 2008.

### References

1. Aubakirova S. Ismagambetova Z. Etnosaraluk kharum-khatynas kontekndegi toleranttylyk [Tolerance in the context of interethnic communication], Adam alemy [Man's world], 4 (62), 163 (2014).
2. Kozhukhar G.S. Vagurin I.V. Mezhlisnostnaia tolerantnost studentov i ih gruppovye status [Interpersonal tolerance of students and their group statuses], Voprosy psihologu [Psychology issues], 5, 45-54 (2011).
3. Fedotova N.N. Tolerantnost kak mirovossrenzheskaia i instrumentalnaia cennost [Tolerance as an ideological and instrumental value], Filosofskie nauki [Philosophical sciences], 4 (2004).
4. Asmolov A.G. Na puti k tolerantnomu soznaniu [Towards a tolerant consciousness] (Smysl, Moscow, 2000).
5. Givishvili G. Humanism i grazhdanskoe obshhestvo [Humanism and civil society]. Textbook for students of secondary and general education institutions (Russian Humanist Society, Moscow, 2003, 239 p.).
6. Psihodiagnostika tolerantnosti lichnosti [Psychodiagnostics of personality tolerance]. Ed. G.U. Soldatova, L.A. Shaigerova (Smysl, Moscow, 2008).

### Б.Ш. Байжуманова

*Евразийский университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан*

### Особенности этнической толерантности студенческой молодежи

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются особенности коммуникативной, этнической толерантности учащихся разных этнических групп в образовательных учреждениях г. Астаны. Сделан обзор теорий, связанных с проблемой толерантности. Описаны виды толерантности, такие как социально-психологическая, этническая. Подробно рассмотрен феномен социальной толерантности при взаимодействии

социальных групп представителей разных этносов, поступивших в вуз. Для студентов колледжей и вузов г. Астаны в целях выявления особенностей их этнической толерантности были проведены опросник В.В. Бойко по коммуникативной толерантности и экспресс-опрос «Индекс толерантности».

Благодаря специальным психологическим экспериментальным исследованиям определено, что уровень терпимости студенческой молодежи является основной особенностью их межличностных отношений в группе, также этническая толерантность каждого студента связана с его личной терпимостью.

Ключевые слова: студенческая молодежь, толерантность, терпимость, общение, коммуникативная толерантность, этническая толерантность, социальная толерантность.

**B.Sh. Baizhumanova**

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

### **Features of ethnic tolerance of student youth**

**Abstract.** The article is devoted to the features of communicative and ethnic tolerance of students of different ethnic groups in educational institutions in Nur-Sultan city. A review of theories related to the problem is made of tolerance. The types of tolerance are described, such as socio-psychological and ethnic. The phenomenon of social tolerance in the interaction of social groups of different ethnic groups entering the University is considered in detail. In order to identify the characteristics of ethnic tolerance of college and university students of Nur-Sultan were conducted a questionnaire on communicative tolerance and an express survey "Tolerance Index" of V.V. Boyko.

Due to special psychological experimental studies, the level of endurance of Student youth is determined by the characteristics of their interpersonal relationships in the group, as well as the ethnic tolerance of each student is linked to his/her personal endurance.

**Keywords:** Student youth, tolerance, communication, communicative tolerance, ethnic tolerance, social tolerance.

#### **Автор туралы мәлімет:**

**Байжуманова Б.Ш.** – психология кафедрасының доценті, психология ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, А. Янушкеевич көш., 6, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

**B.Sh. Baizhumanova** – Candidate of Psychology, Associate Professor of the Department of Psychology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Yanushkevich str.6, Nur-Sultan, Kazakhstan.